

## **№1 Педагогикалық кеңес хаттамасы**

Уақыты: 29.08.2025 жыл

**Тақырыбы:** «Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман»

**Мақсаты:** 2025 - 2026 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерін айқындау. Жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. .

### **Күн тәртібі:**

1. Топтардың 2025 - 2026 оқу жылына дайындығы, жылдық жоспармен, жаңа жылдың міндеттерімен таныстыру, бекіту.
2. 2025 - 2026 оқу жылында «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру  
Әдіскер Махамбет.Қ.М
3. Күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, мамандардың жұмыс кестесін бекіту

Меңгеруші Азмуханбетова.Д.А

Әдіскер Махамбет.Қ.М

4. Аттестаттау комиссиясы отырысының шешімі мен біліктілік санатын беру рәсімін талқылау.
5. «Адал азамат»:біртұтас тәрбие бағдарламасы ақпараттық түсіндіру. 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтері үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы»  
Меңгеруші:Азмуханбетова.Д.А  
Әдіскер:Махамбет.Қ.М

Тыңдалды: МДҰ әдіскері педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, білім беру саласындағы өзгерістерді атап өтті. 2025 - 2026 оқу жылының күн тәртібі, жылдық жоспары,жылдық міндеттерін таныстырды.Жазғы сауықтыру шынықтыру жұмыс жоспарын қорытындылады.  
«Адал азамат»:біртұтас тәрбие бағдарламасын таныстырып,түсіндірді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогтері үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы 2020 жылдың 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен таныстырды.

2025 – 2026 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатпен және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық құжаттар туралы түсіндіріп тәрбиешілерге баяндап берді.

Аттестаттау комиссиясы отырысының шешімі мен біліктілік санатын беру рәсімі талқыланды.

Сөйледі: Меңгеруші Азмуханбетова.Д.А Бөбекжай ұжымын жаңа оқу жылымен құттықтап оқу жылында жасалатын оқу-тәрбие жұмыстарына тоқталып , ұжымға жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Сөйледі: Альмуханова.Ж.К Тәрбиеші педагогтерге жаңа оқу жылына сәттілік тіледі. “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсат міндеттерін, құндылықтарын түсіндік, алдағы оқу жылында қолданамыз.

## **№1 Педагогикалық кеңес шешімі:**

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін.

Жаңа оқу жылының күн тәртібі, оқу жоспары, ұйымдастырылған оқу кестесі, жылдық жоспары бекітілсін, топтар жиынтығы құрастырылсын.

Оқу жоспары Орал қаласының білім беру бөліміне ұсынылсын.

Жауапты: әдіскер Махамбет.Қ.М

2. ҚР ЖММББС, әдістемелік нұсқаулық хат т.б. «Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламалары қолданылсын.

3. Топтардың пән мұғалімдерінің жылдық жоспарлары, аттестацияның комиссия құрамы, сараптамалық кеңес құрамы бекітілсін.

ҚР ОАМ 2024ж 29қазандағы №319 бұйрық негізінде МДҰ педагогтары перспективалық жылдық жоспары балаларды тәрбиелеумен оқыту циклограмасын бірлесіп жазу.

Жас мамандарға тәлімгер тағайындау туралы бұйрық шығарылсын.

Жауапты: меңгеруші, әдіскер, МДҰ педагогтары

Төрайымы: Махамбет.Қ.М

Хатшы: Қарабалина.Ш.Б